



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Киссинджер Г. О Китае / перевод с английского В.Н. Верченко. – Москва: АСТ, 2014. – 635 С.
2. Ли Куан Ю. Мой взгляд на будущее мира / Ли Куан Ю; Пер. с англ. – М.: Альпина нон фикшн, 2017. – 446 с.
3. National statistic bureau of China // <http://www.stats.gov.cn/english/statisticaldata/annualdata/>
4. Никитин А. Цифровая экономика составляет 30% ВВП Китая // <https://hightech.fm/2017/12/05/ch-ec>
5. Си Цзиньпин. Ел басқару жөнінде / Ұлттар баспасы, 2017 – 505 б.
6. Поправки к Конституции КНР одобрены на 1-й сессии ВСНП 13-го созыва // http://russian.news.cn/2018-03/11/c_137032010.htm
7. (受权发布) 中国共产党中央委员会关于修改宪法部分内容的建议 // http://www.xinhuanet.com/politics/2018-02/25/c_1122451187.htm
8. Number of Chinese Communist Party (CCP) members in China from 2006 to 2016 (in millions) // <https://www.statista.com/statistics/281378/number-of-chinese-communist-party-ccp-members-in-china>
9. За три года в Китае завели дела о коррупции на миллион чиновников // <https://www.bbc.com/russian/news-37749287>
10. Интервью Президента РК Н.А. Назарбаева телеканалу CCTV // <http://www.akorda.kz/ru/events/intervyu-telekanalu-cctv>
11. 中国共产党第十九次全国代表大会在京闭幕习近平发表重要讲话 // http://www.xinhuanet.com/politics/19cpcnc/2017-10/24/c_1121849894.htm

ӘОЖ 913

ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ОРТА АЗИЯНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ

Бейсенжан Жұлдыз

juldez@qq.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі–Т.З. Қайыркен

Тәуелсіз көзқарастағы тарих жазу мәселесі бүгінгі ғылымның алдында тұрған жаңаша міндет. «Рухани жаңғыру» – өткенді өз көзімізбен бағамдап, болашаққа салиқалы қадам жасауымыздың негізі болмақ. Осы ретте бұған дейін салалық бағытта толыққанды зерттеуді қажет етіп келген ортағасырлық Орта Азия қалалары туралы Қытай деректеріне үңілуді жөн санадық.

Ортағасырлық Қытай деректері негізінен Таң дәуіріндегі жазбаларда кездеседі [1, 2-7 б]. Осы жайлы еңбектердің ішінде шығыстанушы, тарихшы ғалым Шүй Шүйяның «Таң дәуіріндегі Жібек жолы және Орта Азияның тарихи жағырапиясы туралы зерттеу» атты кітабының алатын орны айрықша. Аталмыш еңбекте Таң дәуірінде Орта Азиядағы мемлекеттер мен ұлыстарға жеке-жеке тоқталып тарихи жазбалар негізінде тарихи жағырапиялық деректер топтастырылып, ғылыми талдау жасалған.

Бұл еңбекте VII ғасырдағы Қытай мен Батыс өңірлердің қарым-қатынасы, VIII-X ғасырдағы Қытай мен Батыс өңірдің құрлықтық қарым-қатынасы, «Жаңа Таңнама. Батыс өңір баянындағы» Орта Азия тарихы жан-жақты баяндалады. Онда Таң дәуіріндегі Қытай мен Орта Азияның қалалары мен елді-мекендері туралы мағлұматтар баяндалған. Яғни, кітапта Суяб қаласы (碎叶, Su ye, Суй иэ), Мыңбұлақ қаласы (千泉, qianquan, Шиан шуан), Күнгу қаласы (恭御城, Hong gu cheng, Хоң гу шың), Нужкент қаласы (筠未建城, Nu jia jiang

cheng, Ну жиа жиаң шың) секілді ортағасырлық қалалардың тарихи жағрапиясы толыққанды жазылған [2, 2 б]. Төменде Таң деректерінде айтылған қалаларға жеке-жеке тоқталып көрейік.

Суяб қаласы (碎叶 – Sui ye, Суй иэ)

Бұл қала туралы Чуан Заң «Ұлы Таң әулеті хаманандағы Батыс өлке туралы жазбаларында» «Суяб қаласы (素叶水城 (Su ye shui cheng, Су иеэ шуй шың – Су иэ өзені қаласы), 碎叶城 (Sui ye cheng, Суй иэ шың – Су иэ қаласы)» десе (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. – Алматы: Дайк-Пресс. 2005. -396 бет. 23 б), Ду Хуанның «Ду Хуанның саяхат естеліктері» атты еңбегінде «Суяб мемлекеті (碎葉国 (Sui ye guo, Суй иэ гуо)» деп берілгенімен (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. – Алматы: Дайк-Пресс. 2005. -396 бет. 31б), шын мәнінде, екі саяхатшының көргені бір елді-мекен. Яғни, заманындағы ірі қалалардың белділерінен болған Батыс Түрік қағанатының астанасы – Суяб қаласы меңзеледі. Алайда, Ду Хуан өз естелігінде Суяб қаласын «Суяб мемлекеті» дей тұрғанмен, естеліктегі аталмыш бөлімді оқи отырып ол мекеннің қала екенін аңғару қиынға соқпайды. Суяб қаласы туралы баяндай келе, «Өзен (Шу өзені меңзеледі) бойын жағалай бөгде ұлыстар мен түріктердің өзге тайпалары қоныстанған. Олардың өз алдынан неше түменнен қолдары болады, өзеннің екі жағалауында қалалар мен кенттер жиі кездесіп отырады» деп [3, 42 б] Суяб мемлекетінен Шаш мемлекетіне дейінгі елдімекендердің шаруашылығы, салт-ғұрпы туралы баяндайды. Міне, бұдан Суябтың мемлекет емес қала екенін аңғарамыз. Ал, ауқымды қалаларды Қытай деректерінде «ел, мемлекет» мағынасындағы 国 (guo, гуо) атауы да сол кездегі саяхатшылар мен елшілердің арасында қалыптасқан үрдіс. Яғни, бұл жердегі «国 (гуо)» қаланың мемлекеттік статусын білдірмейді. Керісінше, қаланың көлемді екенін және гүлдену деңгейін, танымалдылығын білдіреді деуге толық негіз бар. Қорыта айтқанда, әртүрлі иероглифтермен берілген бұл атаулардың барлығы да бір ғана Суяб қаласының қытай тіліндегі әр жылдары әр авторда әртүрлі транскрипциялануы ғана екенін аңғарамыз.

Шүй Шүйя өз еңбегінде бұл қалалардың «城 (cheng, шың – қала)» немесе «国 (гуо – мемлекет)» атауларына аса маңыз бермейді де, қытай тіліндегі дыбысталу жүйесі бойынша Суяб қаласының атауын барынша дұрыс белгілейтін 碎叶城 (Су-йэ-шың) нұсқасын қолданады. Яғни, ғалым бұл жерде өз еңбегінде ортағасырлық жер-су аттарының дерекнамалардағы бірізділігі сақталуына көңіл бөлген болса керек.

«Ғалымдардың тұрақтандыруы бойынша, Суяб қаласының жұрты бүгінгі Қырғыз Республикасы Токмақ қаласының оңтүстік-батысынан 8-10 шақырым қашықтықтағы Ақбешім (Ak-Beshim) қала жұрты» дейді [2, 29 б].

Бірақ, қала туралы Зуан Заң естеліктері мен «Жиа Данның төрт бағыттағы жол туралы естеліктерінде (贾耽四道记 Jia dan se dao ji)» айтылған мәліметтерге талдау жасайды. Чуан Заң естелігіндегі «Тұнық көлден солтүстік-батысқа қарай 500 ли жүргенде Суяб өзені бойындағы қалаға жеттік» деп жазады [4, 51 б]. Ал, «Жаңа Таңнама». 43-бума (II), «Жер баянында»-7(2) Жиа Дан өзінің естелігінде қаланың орны туралы «Ыстық теңізден (热海 (re hai, Ры хай – Ыстық теңіз) Суябқа дейін 280 ли деп жазады»– дейді [2, 30 б]. Бұл жердегі «Тұнық көл» де, «Ыстық теңіз» де бүгінгі Ыстықкөлдің атауы. Қытай деректері бір кездері Ыстықкөлді «清池 (Qing che)», «大青池 (Da qing she)» деп атаған (Чуан Заң да солай атайды – автор). «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелерінің» I томында қытай саяхатшысының терминіне балама ретінде «Тұнықкөл» деп аударылған [3, 35 б]. Ал, Ду Хуан өзінің еңбегінде Ыстықкөлді Шу өзенінің (деректе «Суй е чуан» делінеді) «жоғарғы жағында «Ыстық теңіз» атты көл бар. Ол жерде ауа-райы ең суық кезде де көл суының қатпайтын қасиетіне қарай отырып, көлді «Ыстық теңіз» деп атап кеткен көрінеді» деп жазады [3, 41 б]. Бұл да бүгінгі Ыстықкөл.

Алайда, Суяб қаласын Чуан Заң келтірген дерек «Ыстықкөлден 500 ли» десе, Жиа Дан келтірген дерек «Ыстықкөлден 280 ли» деп жазады. Шүй Үйян бұл жерде Чуан Заңның дерегінің де қисынсыз емес екенін жазады. Ол жердегі өлемнің А мекен мен В мекеннің

арасы туралы айтылып, көрсетілген қашықтық ішіне А, В мекендердің өздерінің территориясы да қамтылатынын жазады [2, 29-31 б].

Шүй Үйян өзінің еңбегінде қаланың Ыстықкөлден қашықтығындағы пікір алуандығына баса мән беріп, қаланың шаруашылығы мен қоғамдық-саяси өмірі туралы деректерді егжей-тегжейлі баяндамайды.

Бұл туралы Чуан Заң естеліктері көп мағлұматтар тарқатады. Қалада әр елден келген саяхатшылар көптеп қоныстанған. Климаты тары, бидай және жүзім егуге қолайлы, орманы сирек. Ауа-райы суық, боранды болып келетіндіктен қала тұрғындары киізден және шекпеннен киімдер тігіп киетін болған [2, 23-24 б].

Чуан Заң Суяб қаласы туралы айта келе, қаланың батыс жағында ондаған тәуелсіз қалалар бар екенін, олардың жеке әміршілері болып, бір-біріне тәуелсіз екенін жазады. Алайда бұл қалалар «түгелдей тию жуелерге (түріктерге) бағынышты» деп жазады [4, 74 б]. Чуан Заңның сапар шеккен хронологиясына қарап отырып, бұл жердегі «түріктердің» Батыс түрік қағанаты екенін аңғарамыз.

Ду Хуан өз жазбасында Суяб қаласы туралы баяндай келе, Шу өзені бойын жағалай бөгде ұлыстар мен өзге түріктердің тайпалары қоныстанғанын, «Олардың өз алдынан неше түменнен қолдары болады, өзеннің екі жағалауында қалалар мен кенттер жиі кездесіп отырады» деп Суяб мемлекетінен Шаш мемлекетіне дейінгі елді-мекендердің шаруашылығы, салты туралы баяндайды [3, 42 б].

Шындығында да, VI-VII ғасырда Суяб қаласының төңірегінде сауда және қолөнер орталықтары ретінде белгілі болған Құлан, Керминкент, Меркі, Аспара, Тараз, Мыңбұлақ, Нузкент, т.б. қалалар мен елді-мекендер болған [5, 56 б].

Мыңбұлақ қаласы (千泉 – Qian quan, Чيان чуан)

Бұл қала туралы Қытай деректеріндегі жазбаларда «Мыңбұлақ қаласы (千泉)» және «屏黄 (Ping yu, ПинҮй)» деп кездеседі. Шүй Үйян өзінің арнаулы мазмұнында Мыңбұлақ атауының этимологиясы туралы тоқталады.

1930 жылы француз ғалымы Бетлехем Суяб сөзінің көне түрік тіліндегі Биңюул (Bing-yul) сөзінің дыбыстық баламасы екенін айтады [6, 5-6 б]. Шығыс өңірдегі көне түрік тайпаларының тілінде Ming bulaq (Миңбулақ) сөзінен тілдік және дыбыстық балама ретінде алынғанын жазады. Қытай тіліне де тура мағынасында тіке аударылған.

Көрнекті саяхатшы Чуан Заң болса, бұл атаудың этимологиясын жергілікті жағдайға байланысты туындағанын жазады. Яғни, «Бұл жерде мыңдаған тұма-бұлақтар мен көлшіктер мол болғандықтан да «Мыңбұлақ» деп аталған» дейді [4, 72 б]. Ал, көрнекті араб географы Убайдаллаһ ибн Хордадбек өз еңбегінде бұл қаланың атын Абарҗај (Абаржаж) деп атап, қала орнының Талас және Ақсу қалаларының аралығындағы өңірде екенін айта келіп, «...Бұл Абарджадж үлкен төбе, оның айналасында мыңдаған бұлақ көздері бар. Олар қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығысқа қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб (Теріс өзені); бұл сөздің аудармасы «кері бағытта ағатын өзен» деп жазған [2, 31 б.; 7]. Ал, Құдама ибн Жафар өз естеліктерінде қала атын Барҗај (Баржаж) деп көрсетеді. Шүй Үйян бұл екі атаудың аздаған дыбыстық айырмашылығы болғанымен орны мен қала бөгенайы «Мыңбұлақ» қаласы екенін жазады [2, 31 б].

Демек, қаланың аты қала маңындағы бұлақ, өзендердің көптігімен байланысты қойылғаны белгілі. Осы арада мән беруге тиісті бір дерек бар. Ол елді-мекен, жер аттарының тіке баламада қытайшаға аударылуы. Бұл Чуан Заңның бұл атауды тіке аудармамен алуы не өзінің жергілікті тілді аздап үйренгенін немесе жергілікті халықтың түсіндірмесімен тіке баламада аударғанын әйгілейді. Бұндай деректер ортағасырлық тарихқа қатысты жазбаларда көп ұшыраса бермей, көбінде қытай тілінің тілдік заңдылықтары сақтала отырып балама дыбысталуы алынады. Бұл тақырып та арнайы зерттеуді қажет етсе керек.

Қаланың орны туралы деректер Мыңбұлақтың «Суяб қаласынан батысқа қарай 400 лиден астам жол жүргенде» екенін айтады [2, 31 б.; 4, 51 б].

Бұл өңірдің оңтүстік жағы қары тау, қалған үш жағы жазық дала. Жері құнарлы, климаты ылғалды көрікті аймақ болғандықтан Түрік қағандары жыл сайын осы жерді

жайлайтын болған [3, 24 б].

Күнгү қаласы (恭御城 Hong gu, Хоң Гу)

Бұл қала туралы зерттеушілер пікірі әр алуан. Кейбіреулері бұл қаланы Ақсу, яғни бүгінгі Сайрам ауданының жеріндегі Сайрам қаласы (Испихап) десе [3, 37 б], тағы басқа қытай ғалымдары бұл қала Шыршық өзені мен Ангрен (Angren) өзені аймағындағы араб географтары айтатын Шаш-Ілак (Chach-Ilak) аймағында дейді, ал Жу Лианкуан Шыршық өзені мен Парталажық (帕尔塔拉济克) аймағында болған қала дейді. Шүй Уйян болса, осы деректердің барлығы бұл қаланың өз алдына дербес қала болғанын айғақтайтын дерек көздері деп есептейді.

«Жаңа Таңнамада» Күнгү қаласы дегеннің орнына Ақсу (Испихап) қаласы айтылады. Ағылшын ғалымы Т. Ватторс (T. Wattors) «Ұлы Таң әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбаларға» зерттеу жасай отырып, «恭御 (Хоң Гу)» сөзі түрік тіліндегі «kigu» яғни «бұлақ» деген сөзінен шыққан. Ақсу қаласы. Оны ортағасырлық араб географтары «Испихап (Isbijab, Isfijab)» деп атаған қала.

Шүй Шүйян бұл қаланың жұрты бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шымкент қаласынан 13 шақырым қашықтықтағы Сайрам кентінде деген тұжырымға келеді.

Бұл байламның да негізі жоқ деуге болмайды. Біріншіден, отандық ғалымдар да Күнгү қаласы не Испихап қаласы, не Испихап қаласының маңындағы қала деген байламға келген. Екіншіден, тандықтардың дерегінде Күнгү қаласының Таластан (Тараздан) оңтүстік-батысқа 200 ли жүргенде екенін айтады. Бұл бүгінгі ұзындық өлшемімен 88,6 шақырым. Ибн Хордатбех деректерінде екі қаланың аралығы 31 фарсах екені айтылады. Бұл 193,4 шақырымға тең. Бүгінде екі мекеннің аралығын есептесек 150 шақырымды құрайды. Демек, тандықтардың естеліктерінде жаңсақтық болуы мүмкін.

Нужкент қаласы (斂赤建城 – Nu jia jian cheng, Ну шы жиан шын)

Бұл қала Қытай деректерінде әртүрлі аттармен берілген. Чуан Заң өз жазбасында 斂赤建城 (Nu jia jian cheng, Ну шы жиан шын) деп атаған Нужкент қаласы басқа дереккөздерінде «弩室羯 (Nu shi jie, Ну шы жие)», «新城 (Xin cheng, Шин шын)», Кіші Шаш - «小石国 (Xiao shi guo, Шиау шы гуо)» деген аттармен беріледі.

Бұл қала араб, парсы деректерінде де кездеседі. Бірақ, қаланың нақты орны әлі күнге белгісіз. Археологиялық тұрғыда нақты анықталмағандықтан, ғалымдар бүгінгі Шымкент қаласы, болмаса Ташкент қаласының іргесіндегі Ханабад қаласы болуы мүмкін деген ғылыми жорамалдар айтумен ғана шектеледі [3, 37 б].

Қаланың археологиялық орны туралы ғылымда әлі де болса нақты шешім болмағанымен, қаланың атауы туралы пікірлер бір арнаға тоғысады. Ағылшын ғалымы Т. Ватторс Нужкент атауының Nujikkend екенін, бұл сөздің көне түрік тіліндегі Nujabahkend яғни «Ақсүйектер қаласы» деген сөзінен өзгергенін айтады [2, 35 б]. Парсы деректерінде Nujakath (Жаңа қала), Nujabahkend (Ақсүйектер қаласы) деп аталған [3, 37 б]. Ал, араб деректерінде қала атына байланысты Nujakath, Nujikath немесе Nujkath деген нұсқаларды қолданған. Бұл нұсқалардың барлығы да көне түркі тілінде «Жаңа қала» деген мағынаны білдірген [2, 35 б].

Демек, қаланың атауы жайында бізге жеткен деректерге зер салсақ екі нәрсені аңғарамыз. Біріншісі, парсы, араб деректеріне ортақ нұсқа Nujakath атауы «Жаңа қала» деген ұғымды білдіруі тегін емес. Ал, ортағасырлық Қытай дерек көздерінде кездесетін 新城 (Шин шын) атауы да «Жаңа қала» деген мағынаны білдіреді [8, 226, 569 б]. Демек, ортағасырда қала құрылысы жаңа болғаны анық. Бұл туралы қала тарихының тым арыда болмауы мүмкін немесе қала құрылысы жаңғыртылып, қала жаңадан салынған болуы мүмкін деген екі түрлі болжам жасауға міндеттіміз.

Екіншіден, қаланың «Ақсүйектер қаласы» атауы жайында. Қала атының көп деректерге ортақ Nujabahkend деген нұсқасының көне түрік тілінде «Ақсүйектер қаласы» деген атауы қалада сауда-саттықтың өркендегенін немесе дәулетті адамдардың көптеп тұратындығын білдіреді.

Қаланың орны жайында Шүй Шүйя өз еңбегінде ибн Хордатбектің, Таңнама деректерін

салыстыра келе, Нужкент қаласы бүгінгі Өзбекстанның Ташкент қаласы маңында болуы мүмкін деген пікірді ұстанады. [2, 35-38 беттер] Осы арада Қытай деректерінде қала атының бір кездері Кіші Шаш - «小石国 (Шиау шы гуо)» аталуы назар аударарлық. Демек, Қытай саяхатшылары Шаш қаласына (Бүгінгі Ташкент қаласы) жақын орналасқан жаңа қаланы Кіші Шаш атауы бек мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шүй Шүйян. «Таң дәуіріндегі Жібек жолы және Орта Азияның тарихи жағырапиясы туралы зерттеу» «Батыс терістік университеті» баспасы. –Ши эн. -252 бет.
2. Жұңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-кітап. «Ұлттар» баспасы. – Бейжің. -2003 жыл. 1002 бет.
3. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -396 бет.
4. 玄奘. «大唐西域记». -重庆: 重庆出版社, -2008. -270页.
5. Сырымбетұлы Б. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Издательство LEM» ЖШС, 2016. -608 бет.
6. 伯希和 : «玄奘记传中之千泉»《西域南海史地考证译丛》五遍, 商务印书馆1956年, 第5~6页。
7. <https://kk.wikipedia.org/>
8. «Қытайша-Қазақша сөздік». – Үрімжі. «Халық» баспасы. 2001 ж.

УДК 327.5

САУД АРАБИЯСЫ МЕН ИРАНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ИСЛАМ ФАКТОРЫ

Гибатов Олжас Сапиоллаевич

ogibatov@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ.Құрманғали

АҚШ Таяу шығыс аймағындағы мәселелерге тікелей араласуы аяқталып, Сирия мен Мысыр гегемониясы Араб көктемі оқиғаларынан кейін төмендегенде аймақта вакуум пайда болған. Осы вакуумды келесі бір аймақтық держава толтыруға дайын болды. Соңғы жылдары бұл орынға Сауд Арабиясы мен Иран таласуда. Бұндағы геосаяси бәсекелестікте негізгі себеп олардың діни айырмашылықтарын болып табылады. Дегенмен, дін көп жағдайда үкімет пен медиа деңгейіндегі риторикада тым қарапайым түсіндірме ретінде қызмет атқарады. Екі мемлекет арасында қарым-қатынас тек суннизм-шиизмдегі айырмашылықтан қарағанда едәуір күрделі. Алайда бұл бәсекелестікті діни компонентсіз дұрыс түсінуге болмайды. Қазіргі Таяу Шығыс пен Сауд-Иран арасындағы күштердің қатынасын зерттеу үшін, оны діни белгісінен басқа да қырынан қарастыру қажет. Алайда бұл діни факторды толықтай алып тастамау қажет. Қазіргі Таяу Шығыстың тарихы мен саясатын талқылау барысында, оның діни қақтығыстарына көзқарасты қалыптастырып, сонымен қатар оны діни емес тұстарына жалпылама осы перспективадан қарастыру қажет. Соның нәтижесінде біз осы мәселенің объективтілігін дамытуға мүмкіндік аламыз. Бұл зерттеудің мақсаты - Сауд Арабиясы мен Иран арасындағы конфликт, олардың діни сенімдерін көрсете отырып, оның басты себебі ретінде әр мемлекеттің стратегиялық геосаяси мүдделері алға қойылғанын көрсету.

Сауд Арабиясы мен Иран билікке бәсекелестігінде тек діни айырмашылығы ғана роль ойнайды деп айту қиын. Олардың бәсекелестігі Иранның популисттік теократиялық-ислам